



**“ Түрлі жас топтарындағы балалармен оқу процесін ұйымдастыру”
(Күзиреттілік орталығының жұмысы)**

Масакбаева Балзада Шутаевна
Абдураманова Айгул Абдаловна
Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Мәртөк ауылы.
МКҚК № 1 «Тополёк» бөбекжәй - бақшасының тәрбиешілері.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары.**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері Кіші топ	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері Ортанғы топ
Желтоқсан	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар. Жүру. Өртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен жүру. Тепе-теңдікті сақтау. Гимнастикалық скамейканың үстімен жүру. Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап жүру. Еңбектеу, өрмелеу. Арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тізені тіреп) еңбектеу. Домалату, лақтыру. Түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату. Секіру. Алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіру. Жалпы дпмытушы жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға- солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею.</p>	<p>Негізгі қимылдар. Жүгіру. Бірқалыпты, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен. Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай бойымен жүру. Жүгіру. Бірқалыпты, тура. Шеңбер бойымен жүгіру. Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды қашықтыққа төменнен екі қолмен көлденең нысанаға лақтыру. Еңбектеу, өрмелеу. Тура бағытта еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу. Секіру. Заттарды айналып және заттардың арасымен секіру. Сапқа тұру, қайта тұру. Бір-бірінің жанына сапқа тұру. Ырғақты жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. Жалпы Дамытушы Жаттығулар. Қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау. Солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта). Қолдарды алға созып, жартылай отыру.</p>

Қимылды ойындар.
Балалардың ойынға қызығушылығын арттыру.
Дербес қимыл белсенділігі.
Қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге жетілдіру.
Спорттық жаттығулар.
Шанамен сырғанау.
Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру.
Беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуге жетілдіру.
Сауықтыру-шынықтыру шаралары.
Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету.

Қимылды ойындар.
Қимылдарды үйлестіруге үйрету.
Дербес қимыл белсенділігі.
Белсенділігін дамыту.
Спорттық жаттығулар.
Шанамен сырғанау .
Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру.
Таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.
Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.
Тісті тазалауға деген ұмтылысын қолдау.
Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.
Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға(көз,құлақ, мұрын, ауыз)үйрету, олардың ағзадағы рөлі.
Зиянды тағамдар (тәттілер,бәліштер, тәтті газдалған сусындар)туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.
Сауықтыру-шынықтыру шаралары.
Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету.

Сөйлеуді дамыту

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.
Сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.
Сөздік қор.
Балалардың сөздік қорын аяқкиім,ыдыс,жиһаз заттарын білдіретін зат есімдерді сөздермен байыту.
Тілдің граматикалық құрылымы.
Сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестіндіру.
Байланыстырып сөйлеу.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.
Дауысты және кейбір дауыссыз (т-д) дыбыстарды анық айту қабілетін дамыту.
Сөздік қор.
Балалардың сөздік қорын заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.
Тілдің граматикалық құрылымы.
Сөздерді жіктелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану.
Байланыстырып сөйлеу.

		Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға үйрету.	Балалардың Тірі және өлі табиғат нысандаын бақылауда алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.
	Көркем әдебиет	Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.	Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.
	Сенсорика Математика (Ортаңғы топ)	Сенсорика Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.	Математика Сан. Заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп) Шама. Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен : үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру. Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Уақытты бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.

Қоршаған ортамен танысу

Қоршаған ортамен таныстыру.
Бала, оның отбасы, үйі.
«Мен» бейнесін, өзін айнадан және фотосуреттерден тану.
Заттық әлем.
Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілері бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу.
Көлік.
Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.
Еңбекке баулу.
Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуалды, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырды) үйрету.
Адамгершілік тәрбиесі.
Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу.
Табиғат әлемі.
Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту.
Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға,) үй құстарын маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау.

Қоршаған ортамен таныстыру.
Бала, оның отбасы, үйі.
«Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету.
Заттық әлем.
Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапаларымен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.
Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру.
Көлік, байланыс құралдары.
Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.
Еңбекке баулу.
Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту.
Адамгершілік және патриоттық тәрбие.
Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту.
Менің Отаным-Қазақстан.
Қазақстан Республикасының рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру.
Өсімдіктер әлемі.
Ағаштардың 2-3 түрін тану және атау.
Жануарлар әлемі
Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру.

			<p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Ауа-райының жағдайын анықтау(суық,жылы,ыстық). Табиғатта қауіпсізмінез-құлық ережелерін сақтау(саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу,жануарларға тиіспеу,қоқыс қалдырмау,қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау)</p>
	Құрастыру	<p>Құрастыру. Құрлыс матиралдарымен үш қырлы призма, пластина, цилиндр жазықтықтағы құрлыстың орналасу нұсқаулармен таныстыру.Тұрғызылған қарапайым құрлыстарды атау, қорапқа құрлыс бөлшектерін ұқыптылық пен жинау.</p>	<p>Құрастыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер,кірпіштер,цилиндрлер ,үшбұрыштар,призмаларды ажырата білуге,атауға және қолдануға үйрету,бұрын алынған дағдыларды.төсету,бекіту,қоюқолдана отырып,жана ғимараттар салу.</p>
	Сурет салу	<p>Сурет салу. Белгілі бір ережелерді орындау дұрыс отыру, қағазды уажданға, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау.Дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.</p>	<p>Сурет салу. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Әртүрлі пішіндегі(көгөністер мен жемістер,ыдыс-аяқ,ойыншықтар, жануарлар)</p>
	Мүсіндеу	<p>Мүсіндеу. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру. кесені, тостағанды, табақты, мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басуды үйрету.</p>	<p>Мүсіндеу. Кесектерді алақандардың арасына домалату, есу,жаю тәсілдері арқылы ойыншықтарды мүсіндеу. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>

	Жапсыру	<p>Жапсыру. Жапсыруға қызығушылықты ояту.Материалдарды (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеуге) үйрету</p>	<p>Жапсыру Желімдеу техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу,жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. Қағаз бетінде көлемі,түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.</p>
	Музыка	Музыка жетекшісінің жұмыс жоспары бойынша	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша

Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: Топлек бөбек жай балабақшасы
Топ: Кіші - Ортанғы топ

Балалардың жасы : 2-3 жас, 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 05- 09 желтоқсан айы, 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 05.12.2022	Сейсенбі 06.12.2022	Сәрсенбі 07.12.2022	Бейсенбі 08.12.2022	Жұма 09.12.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдай жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулау (сөйлеуді дамыту-көммуникативтті іс –әрекет)				
	<p>Үстел үсті ойын: "Жоғалған зат" Мақсаты: Үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Оқушы қай зат тың жоғалып кеткенін табу керек. (көркем әдебиет, танымдық-тілдік, коммуникативтік іс –әрекет)</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Әтешке қауырсын сыйла» Мақсаты: Балаларды түстерді айыра алуға және басыңқы (көп) түстерді атауға үйрету. (математика негіздері, танымдық-коммуникативтік іс-әрекет) Аз қимылды ойын: «Торғай мен машина»</p>	<p>«Балық аула» Мақсаты: Балалардың тірі затты қарауына қуаныш туғызу. (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік, шығармашылық іс–әрекет). Аз қимылды ойын: «Допты қуып жет»</p>	<p>«Үш торай» ертегісі Мақсаты: ертегідегі кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету. (коммуникативтік іс–әрекет, көркем әдебиет) Үстел үсті ойындары:Суретті, пазлдар, мозаика.</p>	<p>«Шақырған кім?» Мақсаты: Балаларға жақсы таныс тақпақты оқып, балаларға сөздермен сөйлемдерді еске түсіріп айтқызу. (физикалық, коммуникативтік дағды). Үстел үсті ойыны: "Мозаика"</p>

<p>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</p>	<p>Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер.</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел -үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Сөйлеуді дамыту- коммуникативті, ойын « Қоян мен көжек» Міндеттері: Сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін(2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. (кіші топ)- Міндеті: Дауысты және кейбір дауыссыз (т-д) дыбыстарды анық айту қабілетін дамыту. (ортаңғы топ)</p>	<p>Сөйлеуді дамыту- коммуникативті, ойын «Дұрыс тауып, ата» Міндеттері: Сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін(2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. (кіші топ) Міндеті: Дауысты және кейбір дауыссыз (т-д) дыбыстарды анық айту қабілетін дамыту. (ортаңғы топ)</p>	<p>Сөйлеуді дамыту- коммуникативті, ойын « Біреу- көп » Міндеттері: Сөздерді және қарапайым сөз тіркестері (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. (кіші топ)</p>	<p>Сөйлеуді дамыту- коммуникативті, ойын «Үлкен -кішкентай» Міндеттері: Сөздерді және қарапайым сөз тіркестері (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. (кіші топ)</p>	<p>Сөйлеуді дамыту- коммуникативті, ойын « Сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін(2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. (кіші топ) Міндеті: : Балалардың сөздік қорын заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім) сөздермен байыту. (ортаңғы топ)</p>
	<p>Ата-аналармен әңгімелесу: Ата-аналарға күнделікті күн тәртібін сақтау туралы; баланың денсаулық, мінез-құлқлық ережелері туралы еске салу.</p>	<p>Отбасылық тәрбие туралы жеке кеңестер беру (ауыз екі, жазбаша түрде)</p>	<p>Ата-аналарға арнайы буклеттер жасау арқылы кеңес беру : «Отбасымен бірге демаламыз»</p>	<p>«Баланың балабақшаға кешікпей келу» ата-аналармен жеке әңгімелесу.</p>	<p>«Тазалық - денсаулық кепілі» мәдени-гигиеналық сақтау дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелер жүргізу.</p>

Құрастыру- коммуникативті, танымдық ,ойын әрекеті « Қуыршаққа арналған керует» Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (кірпіштермен таныстыру.(кіші топ) Міндеті: балалардың құрастыруға қызығ - шылығын арттыру. (ортаңғы топ)

Жапсыру – шығармашылық,көм муникативті ойын әрекеті – «Қыс келді» Міндеттері: Балаларды бейнелерді шаршыда Қағаз бетіне қойып құрастыруды үйрету (кіші топ) Міндеті: Түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндрді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, содан соң пайда болған бейнесін қағазға жапсыру. (ортаңғы топ)

Міндеттері: Дауысты және кейбір дауыссыз (т-д) дыбыстарды анық айту қабілетін дамыту. Балалардың сөздік қорын заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім) сөздермен байыт(ортаңғы топ) Қоршаған ортамен таныстырукоммуника –тивтік қызмет ойыны – «Ұқсас суретті тап» Міндеттері: Белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. (кіші топ) Міндеттері: Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, көлік құралдарының түрлерімен таныстыру.(ортаңғы топ)

Міндеті: : Дауысты және кейбір дауыссыз (т-д) дыбыстарды анық айту қабілетін дамыту. Балалардың сөздік қорын заттарды жалпы (ойыншықтар, киім,аяқ киім) сөздермен байыту. (ортаңғы топ) Құрастыру- коммуникативті, танымдық ,ойын әрекеті « Қуыршаққа арналған поезд» Міндеттері:Тұрғызылған қарпайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. . (кіші топ)

Міндеті: : Дауысты және кейбір дауыссыз (т-д) дыбыстарды анық айту қабілетін дамыту. Балалардың сөздік қорын заттарды жалпы (ойыншықтар, киім,аяқ киім) сөздермен байыту. (ортаңғы топ) Құрастыру- коммуникативті, танымдық ,ойын әрекеті « Қуыршаққа арналған поезд» Міндеттері:Тұрғызылған қарпайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. . (кіші топ)

Таңертенге жаттығу	Таңертенгілік жаттығулар (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті).Тұру, жүру,жүгіру түрлері,жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары .				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени –гигиеналық дағдылар ,өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек дағдылары) Кезекшілердің жұмысы (қажетті ыдыстарды қою, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану мысалы: «Дос бол сабын суменен ,жуын күнде су мен Сен ,жуынсаң сен әрдайым, таза бетің, маңдайың») Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемей, алғыс айту)				
	«Ас ішу тәртібі» (әңгіме)	«Ас атасы - нан» (тақпақ)	«Таза қолдар» (ойын жаттығу)	«Дастархан басындағы дәстүрлер» (әңгіме)	«Ас адамның арқауы» (сұхбат)
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар мен педагог қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды,ойын ережелерін келісіп алады.				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған , іс-әрекет	Дене шынықтыру Мақсаты: 1.Гимнастикалық скамейканың үстімен жүру.2.Арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанмен, тізені тіреп)еңбектеу.(кіші топ)	Музыка Музыка (ән жетекшісінің жоспарына сай)	Дене шынықтыру Мақсаты: 1.Гимнастикалық скамей -каның үстімен жүру. 2.Арқанның астынан нысанаға дейін төрттаған -дап (алақанмен, тізені тіреп еңбектеу.(кіші топ)	Дене шынықтыру Мақсаты: 1.Гимнастикалық скамей -каның үстімен жүру. 2. Әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықта нысанаға төмен лақтыру .(кіші топ)	

1.Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай бойы -мен жүру.2.Тура бағытта еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу. 3.Тұрған орнында қос аяқпен,2-3метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсау -дан құрсауға секіру дағдыларын қалыптас -тыру.
(ортаңғы топ)
Қ/О: «Маған қарай жүгіріңдер»
Ж./О «Поезд»

1.Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай бойымен жүру. 2.Тура бағытта еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу. 3.Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсау -дан құрсауға секіру дағдыларын қалыптасты -ру.(ортаңғы топ)
Қ/О: « Торғайлар мен мысық».
Ж/ойын:
«Жалаушаны тап»

1.Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай бойымен жүру. 2.Тура бағытта еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу.
3. 1,5-2 метр қашықты -тықтан допты бір-біріне домалату дағдыларын қалыптастыру.
Қ/о: «Ормандағы аю»
Ж/о: «Бір-біріміздің артымыздан»

Серуенге дайындық

Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.
Ретімен киіну (ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау (сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)

	«Орныңды тап» серуен кезіндегі тәртіп туралы әңгімелесу	«Менің ойыншығым» ойын жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу	«Қатесін тап» ауа-райына байланысты ретімен киіну	«Біз бақытты баламыз!» тақпағын жаттау	«Біз көмекші боламыз»балалардың киіну кезінде бір-біріне көмектесу арқылы үлкен және ұсақ маториканы дамыту.
Серуен	<p>Қар жауып тұрған құбылысты бақылау. Мақсаты: қар жауып тұрған құбылысты бақылай білуге үйрету.</p> <p><i>(қоршаған ортамен таныстыру)</i></p> <p>Көркем сөз: Шанамен зырлап желетін, Шаңғы, коньки тебетін, Аққала жасап ойнайтын,</p>	<p>Қырауды бақылау. Мақсаты: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып түсіндіру. Қырау түскен ағаштарды бақылау.</p> <p><i>(қоршаған ортамен таныстыру)</i></p> <p>Көркем сөз. Тазартып бар кір шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан,</p>	<p>Мұз сүңгісін бақылау. Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру.</p> <p><i>(қоршаған ортамен таныстыру)</i></p> <p>Көркем сөз: Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ, Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап, Шаңғы теуіп жарысамыз желменен,</p>	<p>Қайың ағашын бақылау. Мақсаты: қайың ағашының қысқы көркін бақылауға үйрету.</p> <p><i>(қоршаған ортамен таныстыру)</i></p> <p>Көркем сөз. Ағаштар тұр жүдеп, Жапырақ сәні енеді. Соғады жел үдеп, Қыстың кеп сәлемі.</p> <p><i>(көркем әдебиет)</i></p>	<p>Терезедегі өрнектерді бақылау. Мақсаты: балаларға құбылысты түсіндіру. Терезедегі өрнектерді бақылау.</p> <p><i>(қоршаған ортамен таныстыру)</i></p> <p>Көркем сөз: Бір топ бала сырғанап, Барады әне жарысып. Қалды артта қыр қалып.</p> <p><i>(көркем әдебиет)</i></p>

Сурет салып тастады.
(*көркем әдебиет*)
Еңбек: Аяқ киімдері мен тондарын қардан тазалау.
Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа үйрету.
(*еңбек қызметі*)
Қ/қозғалыс ойыны: «Допты ұста»
Мақсаты: Балаларды шапшаңдылыққа, ептілікке, қырағылыққа баулу, ойын әрекеті арқылы татулыққа, белсенділікке тәрбиелеу.
Ойын шарты: Тәрбиеші ашық түсті үлкен допты алады да 2-3 балаға ойнауға ұсынады.

Сурет салып тастады.
(*көркем әдебиет*)
Еңбек: Аяқ киімдері мен тондарын қардан тазалау.
Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа үйрету.
(*еңбек қызметі*)
Қ/қозғалыс ойыны: «Допты ұста»
Мақсаты: Балаларды шапшаңдылыққа, ептілікке, қырағылыққа баулу, ойын әрекеті арқылы татулыққа, белсенділікке тәрбиелеу.
Ойын шарты: Тәрбиеші ашық түсті үлкен допты алады да 2-3 балаға ойнауға ұсынады.

Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. Мұзафар Әлімбаев
(*көркем әдебиет*)
Еңбек: Тәрбиешінің көмегімен қар тазалау.
Мақсаты: еңбекке баулу.
(*еңбек қызметі*)
Қимылды ойын: «Күн, су, ауа»
Ойын мақсаты: Берілген белгі бойынша ойынның шартын бұзбай дұрыс ойнауға үйрету.
Ойын шарты: «Күн» дегенде балалар ашық алаңда ойнап жүреді, өсімдік болып өседі, өйткені өсімдіктер күнді жақсы көреді, күнмен өседі «Су»

Еңбек: қайың ағашының түбіне қар жинау.
Мақсаты: балаларға ағаштың түбін қармен жабудың сырын, пайдасын түсіндіру.
(*еңбек қызметі*)
Қ/қозғалыс ойыны: «Ит пен қоян»
Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.
Шарты: Ойын жазық алаңда ойналады.
Бір бала ит болады да, қалғаны қоян болады. Бұдан кейін «ит», «қояндарды» қуып ұстауға тырысады.
Өзі ұстаған балалардың барлығын итке айналдарды.

Еңбек: Қардан тәрбиешінің көмегімен бекініс жасау.
Мақсаты: еңбекқорлыққа үрету.
(*еңбек қызметі*)
Қ/қозғалыс ойыны: «Аңшылар мен қояндар»
Мақсаты: Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету.
Шарты: Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда қос аяқтап, секіріп жүреді.

Балалар тәрбиешіге қарама-қарсы 80-100 см жерде тұрады. Тәрбиеші әрқайсысына кезек-кезек доп лақтырып «Ұста» деген белгі береді. Балалар допты қайтадан тәрбиешіге лақтырады. Осылайша ойын жалғаса береді. *(дене қозғалысы)* Жеке жұмыс : Жаңылтпаш жаттау. Ақ, ақ , Секендейді лақ. Аң-аң, Аң патшасы- арыстан. *(сөйлеуді дамыту)*

Балалар тәрбиешіге қарама-қарсы 80-100 см жерде тұрады. Тәрбиеші әрқайсысына кезек-кезек доп лақтырып «Ұста» деген белгі береді. Балалар допты қайтадан тәрбиешіге лақтырады. Осылайша ойын жалғаса береді. *(дене қозғалысы)* Жеке жұмыс : Жаңылтпаш жаттау. Ақ, ақ , Секендейді лақ. Аң-аң, Аң патшасы- арыстан. *(сөйлеуді дамыту)*

дегенде балалар балық кит сияқты суда жүзеді. «Ауа» дегенде құстар, ұшақ сияқты қалықтап ұшады т.б. Ойын осылайша жалғасады. *(дене қозғалысы)* Жеке жұмыс: Жұмбақтар шешу Орманда жоғары Ағашқа қонады Тұмсығын балға етіп Тоқ-тоқ соғады. *(Тоқылдақ)* *(сөйлеуді дамыту)*

Сөйтіп барлық қояндар итке айналғанша ойын жалғаса береді. Жеке жұмыс: Жұмбақты шеш» сюжетті ойын ойнату. Жұмбақ: Жазда жатсаң көлеңкесінеалады, Қыста жақсаң, жаның рахат табады. Ағаш *(сөйлеуді дамыту)* Балалардың өзіндік іс-әрекеті.

Тәрбиеші: « Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады. *(дене қозғалысы)* Жеке жұмыс: Жұмбақ жасыру Отта жанбайды Суда батпайды. (Мұз) *(сөйлеуді дамыту)* Балалардың өзіндік іс-әрекеті.

<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, тіл ұстарту жаттығулары ,санамақтар қайталау т.б. (көркем әдебиет , ойын әрекеті,еңбек қызметі)</p>				
	<p>«Жеке бастың тазалығы» Мақал-мәтел. Ойын жаттығулары: «Тазалықтың досы» (тақпақ оқу)</p>	<p>«Шаш күтімі» Тіл ұстарту жаттығуы Ға ға ға Ұшып кетті қарға</p>	<p>Аз қимылды ойын: «Ұшады, ұшпайды» Ойын жаттығулары: «Киімдерін ұқыпты жинау»</p>	<p>Жаңылтпаш жаттау Орта қойдым, торта қойдым Торта қойдым жорта қойдым.</p>	<p>Санамақ жаттау Бес саусақ. Ойын жаттығулары: «Таза қолдар»</p>
<p>Түскі ас</p>	<p>Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету,еңбек қызметі) Кезекшілердің жұмысы (қажетті ыстарды –аяқтарды қою, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану. Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамаө ішкенде сөйлемей, алғыс айту)</p>				
	<p>Дастарқан басындағы дәстүрлер: Дастархан басында адамадар жасына қарай отырады. Астан кейін дастархан басындағы ең үлкен, құрметті адам асқа бата береді.</p>	<p>«Кезекшімін мен бүгін асханада» Ө.Ақылбеков жаттау Гигиеналық шара:«Дос бол сабын суменен, жуын күнде су мен сен,жуынсаң сен әрдайым, таза бетің, маңдайың»</p>	<p>Ырым, тыйым сөз Қонаққа сынық ыдыспен ас беруге болмайды. Дәмді табақтың ортасынан алма, өз алдыңнан алып же.</p>	<p>Ас ішу тәртібі: Тамақ ішіп отырып, кітап оқуға, теледидар көруге болмайды. Асты асықпай әбден шайнап жеу керек.</p>	<p>Ас туралы мақал мәтел «Ас атасы нан, нан атасы дән»</p>

Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау (тыныш музыка тыңдау). Ертегі айту,кітіп оқу (көркемдік қызмет)				
	Тыныш күйге енеді, Мойындарымыз да жайымен. Еркіндеріміз сәл ашылып Дем аламыз жайымен. (әуенмен)	Қолдарымыз да дем алды, Аяқтарымыз да дем алды. Дем алады барлығы Дем алады барлығы. (әуенмен)	Кірпіктеріміз айқасты, Көздеріміз жұмылды. Дем аламыз жай ғана, Ұйқыға біз кірістік. (әуенмен)	Мойын, бас, қол, аяқтар, Ғажайып бір күйге енді. Дем алады барлығы, Тыныш бір күй кешеді. (әуенмен)	Қолдарымыз да дем алды, Аяқтарымыз да дем алды. Дем алады барлығы, Дем алады барлығы. (әуенмен)
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, жалпақ табандылықтың алдын-алу мақсатында ортопедиялық жолдармен жүру) (дене белсенділігі)				
	Сергіту гимнастикасын жүргізу. Салқын сумен шайыну.	Төсек үстінде жатып, аяқ қолдарына гимнастикалық жаттығу жасау. Орнынан тұрып, еденді жалаң аяқ 4-5 мин басып жүру.	Күн, ауа, су процедураларын қабылдау. Белмеге түскен күнге қыздырыну. Сумен шайыну. Ауаны алмастырып таза ауада дем алу.	Беті-қолын, мойынын салқын бсумен жуу. Көзге арналған жаттығулар.	Су жолдарымен жалаң аяқ жүру. Сергіту гимнастикасын жүргізу.
Бесін ас	Бесінас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру (сөйлеуді дамыту)				
	«Ұқыпты тамақтану» (сурет бойынша әңгіме)	Ас туралы мақал мәтел «Нан тамақтың атасы, Ынтымақ көптің батасы»	Тыйым сөз «Дәнді шашпа, Нанды баспа»	Ойын жаттығу: Асықпай іш тамақты Жалама ыдыс аяқты	Дастархан басында өзін өзі ұстауы (шағын әңгіме)

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар ,үстел-үсті ойындары,бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б.)</p>	<p>Сенсорлық-танымдық, ойын әрекеті "Үлкен және кішкентай" Міндеті: көлемі бойынша ерекшеленетін біртекті заттарды топтастыру қабілетін жетілдіру. кіші топ(карточка №1) Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы,ені,биіктігі жалпы шамасы бойынша)орта топ Мүсіндеу-шығармашылық, коммуникативті,ойын әрекеті</p>	<p>Сөйлеуді дамыту, математика негіздері-ойын, танымдық және коммуникативті іс-әрекет"жел және жапырақтар" рөлдік ойыны Міндеті: балаларда жансыз заттың рөлін қабылдау қабілетін дамыту. кіші-орта топ Жапсыру-шығармашылық, еңбек, коммуникативті іс-әрекет ойын "Қалада қыс" Міндеті: суреттерді сындарлы түрде (жеке бөліктерден) құрастыру қабілетіне үйрету.кіші топ.</p>	<p>Сенсорлық-танымдық, ойын әрекеті "Қай доп үлкен?» Міндеті: көлемі бойынша ерекшеленетін біртекті заттарды топтастыру қабілетін жетілдіру. Кіші топ (карточка №2) Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы,ені,биіктігі жалпы шамасы бойынша)орта топ Мүсіндеу-шығармашылық, коммуникативті,ойын әрекеті</p>	<p>Сөйлеуді дамыту, математика негіздері-ойын, танымдық және коммуникативті іс-әрекет"балабақша"рөлдік ойыны Міндеті: балаларды балабақшада жұмыс істейтін ересектердің еңбегімен таныстыру. Кіші-орта топ Жапсыру-шығармашылық, еңбек, коммуникативті іс-әрекет ойын "Теңізші мысық" Міндеті: суреттерді сындарлы түрде (жеке бөліктерден) құрастыру қабілетіне үйрету. кіші топ.</p>	<p>Сенсорлық-танымдық, ойын әрекеті "Тапсырмалар" Міндеті: көлемі бойынша ерекшеленетін біртекті заттарды топтастыру қабілетін жетілдіру.кіші топ (карточка №3) Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы,ені,биіктігі,жалпы шамасы бойынша) орта топ Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру-шығармашылық, коммуникативті, ойын әрекеті (балалардың мүдделері бойынша)</p>
--	--	---	---	--	---

	<p>"Отшашу" Міндеті: қарапайым және күрделі нысандағы заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру. кіші топ Кесектерді алақандардың арасына домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы мүсіндеу. Орта топ</p>	<p>Қағаз бетінде көлемі түсі, пішіні бойынша әр түрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыруға үйрету. Орта топ.</p>	<p>"Күн" Міндеті: қарапайым және күрделі нысандағы заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру. мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Кіші-орта топ</p>	<p>"Күн" Міндеті: қарапайым және күрделі нысандағы заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру. мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Кіші-орта топ</p>	<p>Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру-шығармашылық, коммуникативті, ойын әрекеті (балалардың мүдделері бойынша)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Сымбат, Инжу, Мустафа мен жеке жұмыс – сурет бойынша әңгімелеуге үйрету.</p>	<p>Асылым, Ержан, Жаннұр, сурет салу бойынша - тіке сызықтар салуда жеке жұмыс.</p>	<p>Ерасыл. Артур, Айназ. мен заттарды көлемі бойынша ретпен қою сенсорика бойынша үйрету.</p>	<p>Аяла, Айнамкөз мен пирамидканы ретімен жинауды, көлемі бойынша дұрыс атауға (ең үлкен-ең кішкентай) жаттықтыру.</p>	<p>Жаннұр, Сымбат, Төренұр тіл дамыту бойынша жеке жұмыс дыбыстық жаттығулар</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киіне білулерін бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)</p>				

	Қазір жылдың қай мезгілі? Ағаштарда жапырақтар қандай түсті?	«Тату болып ойнаңдар» (балаларды достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу)	«Серуен кезінде» (адамдардың киімі туралы әңгіме)	«Жанұя?» (өлең оқып беру)	«Киімдерін ұқыпты жинау» (серуенге шығар кезінде шағын әңгіме)
Серуен	Ойын алаңдарын тазалау (еңбек қызметі). Еркін ойындар ойнату				
	"Қарды бақылау" Міндеті: табиғи құбылыспен — кармен танысуды жалғастыру. Еңбек қызметі: учаскеде қар тазалау Қимылды ойын "Қаздар-қаздар" Міндеті: мотор белсенділігін дамыту. Еркін ойын	"Аспанды бақылау" Міндеті: әр түрлі табиғи құбылыстармен танысуды жалғастыру. Еңбек қызметі: учаскеде қар тазалау. Қимылды ойын "Қар айналады" Міндеті: мотор белсенділігін дамыту. Еркін ойын	"Қайыңды бақылау" Міндеті: ағаш туралы түсініктерді кеңейту. Еңбек қызметі: учаскеде қар тазалау. Қимылды ойын "Аяз Ата" Міндеті: мотор белсенділігін дамыту. Еркін ойын	"Бағдаршамды бақылау" Міндеті: балалардың бағдаршамның мақсаты туралы түсінігін бекіту. Еңбек қызметі: учаскеде қар тазалау. Қимылды ойын "Шыршаға" Міндеті: мотор белсенділігін дамыту. Еркін ойын	"Шыршаны бақылау" Міндеті: ағашпен таныстыру-шырша. Еңбек қызметі: учаскеде қар тазалау. Қимылды ойын "Біз аяғымызды таптап жатырмыз" Міндеті: мотор белсенділігін дамыту. Еркін ойын
Балалардың дербес әрекеті	Балалардың әр –түрлі іс-әрекеттері нәтижесінде жүзеге асырылады (ойын,қимыл-қозғалыс,танымдық,шығармашылық-зертеушілік,эксперименттік ,еңбек ,дербес)				
	Өз қызығушылық-тары бойынша сурет салу	Қ/О: « Түлкі мен қаздар » Мақсаты: Түлкі мен қаздың қимылын жасауға, жылдамдыққа баулу.	Қ/О: « Аңшылар мен қояндар » Мақсаты: Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету.	Бейнелі –ойын айна» Мақсаты:Балаларды бір-бірінің іс- қимылын дәл қайталай білуге, шапшаңдыққа үйрету .	Д/О:«Бұл не екенін тап». Мақсаты: Балаларды жануар дыбыстарын айтуға үйрету.
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап , кеңес түрлерін беру.				

Заттық дамытушы орта



Қимылды, еркін ойындар

Сюжеттік-рөлдік ойындар



Түрлі жас топтарындағы күн тәртібін ұйымдастыру.



Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті





Назарларыңызға
рахмет!